

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типопр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance .....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Эз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер .....	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы .....	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks .....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері .....	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер .....	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence» .....	69

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі .....	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы .....	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова .....	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән .....	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality .....	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature.....	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты .....	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі.....	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау .....	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты .....	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы ....	181

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту .....	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау .....	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде .....	211

\*Г.О. АМИРОВА <sup>1</sup>



С.Р. БОРАНБАЕВ <sup>2</sup>



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Шымкент, Қазақстан <sup>1,2</sup>  
(e-mail: [gauhar1316@mail.ru](mailto:gauhar1316@mail.ru) <sup>1</sup>, [sandybai60@mail.ru](mailto:sandybai60@mail.ru) <sup>2</sup>)

## ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР

**Аңдатпа.** Орта ғасырдың көрнекті ғалымдарының бірі Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі құнды дүние болып саналады. Бұл мақалада Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінде кездесетін қабыса байланысқан сөз тіркестері қарастырылады. Ескерткіш тіліндегі сөз тіркестерінің жасалуы, олардың ерекшелігі анықталады. Әр сөз табынан жасалған қабыса байланысқан сөз тіркестерінің қасиеті, жасалу ерекшелігі қарастырылады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің шарттары ажыратылады. Олар қазіргі қазақ тілімен салыстырылады. Мағыналық және құрылымдық ерекшеліктері анықталады. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің жасалу жолдары, есім сөз таптарына назар аударады. Зерттеу барысында жалпы қазіргі қазақ тілінде кездесетін синтаксистік заңдылықтар қаралады. Қазіргі түркі тілдерімен салыстырылып, ескерткіш тіліндегі айырмашылықтар талданады. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктері анықталып, орта ғасырдағы қолданылу аясы нақтыланды. Жасалу тәсілдері, қолданылу мүмкіндіктері айқындалды. Ескерткіш тілінің сөз тіркесі саласы бойынша бірқатар ақпараттар беріліп, сөз тіркестерінің аналитикалық жасалу жолдары талқыланды.

Зерттеудің практикалық құндылығы гуманитарлық бағыттағы жоғары оқу орнының ізденушілері мен оқытушылары Түркология саласының синтаксис бөлімінде қолдана алады.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы түркітану ғылымының лексикография саласының дамуына өз үлесін қоса алады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған тұжырымдар түркітану саласының синтаксисін зерттеуде практикалық маңызға ие болады.

**Түйін сөздер:** Замахшари, Мукаддимат әл-Адаб, синтаксис, сөз тіркесі, есімді тіркес, сөз таптары, байланысу, тіл, сөздік.

**Кіріспе.** Тіліміздің тарихы ертеден бастау алатыны даусыз. Орта ғасырлардағы білім мен өркениеттің тілі араб тілі екені белгілі. Осы тұста жазылған құнды мұраның бірі Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб». Сөздіктен орта ғасырдың ғылымы ерте дамығанын аңғаруға болады. Ғылыммен айналысқан ғалымдар бірнеше тілді еркін меңгеріп, басқа да ғылымның салаларымен жүйелі түрде қатар айналысып отырған. Осындай ортада өмір сүрген Замахшари де ортағасырлық терең діни ілім алып, діннің философиясын ашуға әуестенген. Сонымен қатар тіл біліміне де үлкен үлес қосқан бірегей ғалым. Ғалым 1075 жылы Хорезм облысы Замахшар қаласында дүниеге келген. Жастайынан бірнеше тілге әуес болып, меңгерген. 1100-1139 жылдары Бағдад, Сирия, Дамаск, Иран, Арабия, Йемен қалаларына барып, бай дереккөздер жинаған. Бірнеше елді осылай еркін аралауынан ғалымның бірнеше тілді еркін меңгергендігін байқауға болады. 1109 жылы ғалым Бағдатқа барған. Бұл сапарында әлем әдебиеттерімен танысып, білімін шыңдай түскен. Мұнда өмір сүрген жылдары көптеген көрнекті ғалымдармен танысып, ғылыми тынысын аша түскен.

Кейіннен Меккеге барып, көптеген шығармаларын жазған. Меккеде «Әл-Муфассал» атты грамматикалық құнды шығарма дүниеге келді. Автордың айтуынша, бұл еңбек араб грамматикасына сараптама жасалған құнды мұра.

Ғалым құран тәпсірі, теологияға да үлкен үлес қосып, діни ілімді де терең меңгерген. Ғалымдардың арасында «Джар Аллах» атағы да бекерге берілмесе керек. Шығыс пен батыстың ғалымдары жан-жақты зерттеп, теологиялық еңбектері мересенің оқу бағдарламаларына енгізілген. Осындай еңбектері мен ғылыми жаңалықтарының ғылымдағы өміршеңдігін айтуға болады. Ғұламаның әлі де зерттеліп бітпеген, ғылыми қолданысқа түспеген шығармалары бар [1, 53]. Оның үстіне бұл еңбектердің үштен екісі ғана жарық көрген. Ғалымның еңбектерін кешенді зерттеу болашақ ұрпақтың еншісінде. Әлі де тың деректер мен ашылмаған жаңалықтарға бай екендігіне сеніміміз мол.

Ғалымның «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегі «Тіл біліміне кіріспе», – деп аударылады. Демек, лингвистиканың фонетика, морфология саласын қамтыған шығарманы ортағасыр тіл ғылымының бастауы деп айта аламыз. Сөздік тек лингвистикалық зерттеу ғана емес, ортағасырдағы сөздіктердің жиынтығы. Сөздікті лингвистикалық тұрғыдан зерттеу – біздің басты мақсатымызға айналып отыр.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Орта ғасырдың құнды мұраларының бірі әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» бірнеше данада сақталған көп тілді сөздік. Еуропаның, Түркияның, Өзбекстан, Ресей сияқты ортағасырлық мұралар кеңінен сақталған елдерде ескерткіштің әр ғасырда жинақталған, көшірілген нұсқалары бар. Ең алғашқы қолжазбасы Түркияның Сүлеймания қорында сақталған [2, 67]. Бұл қолжазба араб-парсы-түркі сөздігін қамтиды. Одан кейінгі ауқымды түрі Өзбекстанның Ә. Навои атындағы мемлекеттік әдеби мұражайда сақталған. Бұл қолжазбаның зерттелу тарихы сан қилы. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішін алғаш зерттегендердің бірі Н.Н. Поппе болып табылады. 1938 жылы Н.Н. Поппе моңғол және түркі талдауы мен транскрипциясы бар еңбегін шығарды. Ғалым ескерткіш тілінің бірінші бөліміне фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде моңғол және түркі сөздерін бірізге түсіріп, арабша жазылуын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Мұнда сөздер тек бір ғана сөздіктен тұрмайды, сөз тіркестері мен тұтас сөйлемдер кездеседі. Осы мақаладағы мысалдар Н.Н. Поппенің түпнұсқадан жазған сөздігінен алынды.

Жалпы орта ғасырлық мұраларды, «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішін біршама ғалымдар зерттеу жүргізген. Атап айтсақ, Б.З. Халидов, Д.В. Фролов, Н.А. Баскаков, В.В. Бартольд, Э.Н. Нәжіп, Н.А. Самойлович бар. Отандық ғалымдардан Е. Серімов, Ш.Ш. Жалмахановты атауға болады.

Сөзді жинақтап салыстыру үшін, тіл білімінің салғастыру-салыстыру әдістері қатар қолданылды. Туыстас тілдердегі элементтерді, бірліктерді зерттеу барысында типологиялық әдіс жақсы көмектеседі. Осы сөздіктегі сөздердің қолданылуын ашу мақсатында тарихи әдістермен қоса, типологиялық әдіс те қолданылды. Сөздерді реттеу, түзу үшін структуралық әдіс те пайдаланылды.

**Талқылау мен бақылау.** Әрбір ғылым саласының тарихи даму жолы болады. Қазақ тіл білімінің кемеліне келіп, қалыптасқан қай саласын алатын болсақ та, әрқайсысының жетілу кезеңдері бар. Қазақ тіл білімі тарихында Қ. Жұбанов, А. Байтұрсыновтың орны ерекше. Тілдік тәсілдердің қолданылу орны мен жұмсалыу жүйелеріне ат қойып, айдар таққан А. Байтұрсынов болса, олардың қалыптасу, даму, жұмсалыу заңдылықтарына ерекше күш салған – Қ. Жұбанов еді. Ғалымның еңбектерінде ертеде сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібі өзгеше болғанын дәлелдейді. Шынында да, «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі сөйлем құрылысы осыған дәлел болмақ. Мысалы, *Töküldi yamıur taıı qan /töküldi ıamıur taıı qan / (107)* – жаңбыр мен қан төгілді. *muqim boldi saraıda muqım boldı saraıda (110)* – сарайда өмір сүрді. Мұнда сөйлемдердің қазіргі кездегі байланысымен салыстырғандағы ерекшелігін байқау қиын емес. Яғни, баяндауыш болатын сөздер сөйлемнің басында кездесіп отырады. Қ. Жұбановтың келтірген ғылыми болжамдары мен пайымдары әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай келеді. Тек сөйлем



мен сөйлем мүшелеріне ғана қатысты емес, сөз тіркестерінің тарихына қатысты пікірлерінің маңызы зор.

Тіліміздің синтаксис саласын қарастыратын болсақ, алғашында сөйлем құрылысы синтаксисі деп қарастырылды. Кейіннен сөз тіркесі синтаксисі жеке зерттеле бастады. Алғаш 1950 жылдары сөз тіркесі синтаксисінің жасалу жолдары заңдылықтары қарастырыла бастады. Кейіннен жүйелі тармақтары, түрлері жасалу тәсілдері анықтала бастады. Осыдан кейін сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, жеке синтаксис саласының бір саласы ретінде дами түсті [3, 36].

Сөз тіркесі синтаксисін зерттеуде нәтижеге жету үшін, тарихын білмейінше мәселенің байыбына бара алмаймыз. Қазақ тіл білімінде 50-60 жылдардан бастау алды деуге негіз бар. Оған дейін жай сөйлем синтаксисі саласы бастау алған еді. 1953 жылы шыққан мектеп оқулықтарында: «Тиянақты ойды білдіретін бір сөзді бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз» [4, 3].

Демек, қазақ тіл білімінде «сөз тіркесі» термині ХХ ғасырдың ортасынан бастап қолданыла бастады. Белгілі ғалым С. Жиенбаев қазақ тілінің синтаксис бөліміне елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның жай және құрмалас сөйлемдерге арналған еңбегінде сөз тіркесі бөлек талданбайды. Ғалым сөз тіркесін «үйірлі мүше», – деп қарастырып, сөздердің қалай тіркесетінін, олардың байланысын атап өткен. Есімді және етістікті сөз тіркестерінің жасалу жолдары қаралады.

1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» деген атпен үлкен зерттеу еңбегі жарық көрген болатын. Бұл кітапта тілдің барлық салалары қамтылды. Еңбек жүйелі әрі жаңалықтарға толы болды. Синтаксис саласында сөз тіркестерін жай сөйлемнен бөліп алып, өзіне тән ерекшеліктері бар ғылым саласы ретінде қарастырылды.

Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде сөз тіркесін жан-жақты зерттеудің нысаны етіп алған ғалымдардың бірі – И. Убрятова болып табылады. Ғалымның «Исследования по синтаксису якутского языка» атты еңбегінде қарастырды. Сөз тіркесін «бір бүтін мағыналық единица» деп қарастырады.

Ал ғалым Н. К. Дмитриев сөз тіркесін сөйлемнен бөліп қарастыру керек деген құнды пікірдің иесі. Ғалымның сөз тіркесі жайлы зерттеулерінде олардың білдіретін мағынасына қарай ажырату керек екенін үгіттейді. Бұл пікірді Н.А. Баскаков та қоштайды.

Анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастағы сөздер тобы пайымдауды білдірмесе, сөз тіркесі деп тұжырымдайды да, білдірсе – сөйлем деп айтады.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың негізгі бөлігі. Сөйлем ішінде белгілі бір грамматикалық маңызға ие бірлік. Олардың құрамына да сан алуан сөздер енеді. Кез келген сөздер де сөз тіркесін құра алмайды. Ескерткіш тілінде де кез келген екі сөз сөз тіркесінің қызметін атқара алмайды. Демек, қай жағынан алсақ та, толық мағыналы екі сөздің лексика-грамматикалық жағынан үйлесуі сөз тіркесін береді. Сөйтіп, сөз тіркесінің құрамына толық мағыналы тіркесу қабілеті бар сөздер енеді [5,76].

Қазіргі қазақ тілінің сөз тіркестерінің түрлері секілді «Мукаддимат әл -Адаб» ескерткішіндегі сөз тіркестерін тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті деп екі топқа бөлеміз. Ескерткіш тілінде дайын сөз тіркестері мен сөйлемдер өте көп. Оларды тіркесу қабілетіне қарай бөлдік. Есімді сөз тіркестерін, оның ішінде қабысуды қарастыруды жөн санадық. Ескерткіш тілінде есімді қабысулар жиі ұшырасады. Қазіргі тіл біліміндегі есімді қабысуды жасалу жолдарын ескере отырып қарастырамыз.

Сөздер бір бірімен байланысуда синтаксистік қызметке түсу үшін мағыналық жағынан берік байланысу керек. Мысалы, ескерткіш тіліндегі *Qıldi, ҧarab, abadan, yerni*, ер сөздері бытыраңқы сөздер. Бір бірімен ешқандай мағыналық байланысы жоқ, кез келген сөздер тобы деуге болады. Ал бұл сөздер аяқталған ойды білдіретін сөйлемнің құрамына енгенде, өзара синтаксистік байланысқа түседі. *Abadan qıldi er ҧarab yerni /abadan қылды er хараб йернi / (93) -ер адам қиранды елді көркейтті. Мұнда ҧarab yerni, qıldi er, qıldi yerni* сөз тіркестері пайда болады. Демек, ескерткіш тілінде сөз тіркесінің байланысу түрлерінің барлығы кездеседі.

Сөздер тіркесіп келіп, тұтас сөйлем болғанда, өзара синтаксистік тәсілдер арқылы байланысатынын білеміз. «Мукаддимат әл Адаб» тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдері қазіргі қазақ тілімен өте жақын [6, 13]. Жалғаулар арқылы байланысады (септік, тәуелдік, жіктік, көптік):

Шылаулар арқылы (демеулер, жалғаулықтар), *indedi anı iş ücün /індеді аны іш үчүн/ (96) – Оны іс (жұмыс) үшін шақырды.*

Сөздердің орын тәртібі арқылы: *ala qarqa /ала қарқа/ (97) – ала қарға, cücük ot /чүчүк от/ (101) – шүйгін шөп.*

Ескерткіш тілінде интонация арқылы байланысу кездесе бермейді.

Осы байланысу тәсілдерінің негізінде байланысу формалары қалыптасады. Қазақ тілінде сөздердің байланысу формаларының мынадай түрлері бар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Есімді тіркестер:

Қабыса байланысқан есімді тіркестер: Ескерткіш тілінде сөз тіркестерінің барлық түрлері ұшырасады. Сонда да оларды есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөліп қарастырамыз. Қабыса байланысу көне түркі тілінен бері келе жатқан байланысу формасының ерекше түрі. Ескерткіш тілінде де есімді қабысу жиі кездеседі.

Қабысу – түркі тілдерінде жиі ұшырасатын байланысу формаларының бірі болып табылады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің ыңғайына, яғни, тұлғасына бейімделсе, қабысуда тең дәрежеде ешқандай жалғаусыз байланысады. Ескерткіш тілінде де осы ерекшелік сақталған [7, 36]. Мысалы, *abadan yer (93) /абадан йер/ – қолайлы жер, abadan saraı (93) /абадан сарай/-қолайлы сарай.* Яғни, орын тәртібі арқылы байланысады.

Ескерткіш тілінде есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары әртүрлі болып келеді: зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, есімше. Ал басыңқы сыңарлары зат есім, сан есім, субстантивтенген сын есімнен жасалады.

Ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы көп емес. Олардың жасалу жолдары қазіргі тілімізге жақын болып келеді. Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын түрі зат есімнен құралатын тіркестер болып табылады. Екі зат есім қатар тұрып, орын тәртібі арқылы алдыңғысы соңғысына бағына байланысады. Мысалы: *aiüig at /айғыр ат/ (97) – айғыр ат, xırma uııaı /хурма йығачы/ (95) – құрма ағашы.*

Зат есімнен жасалған есімді сөз тіркестері көбіне екі сөзден құралады. Олар анықтауыштық қатынасты құрайды. Екі зат есім атау септігінде тұрып, қабыса байланыс орнатады. Яғни, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағына байланысып тұрады. Ескерткіш тілінде зат есімнен құралған сөз тіркестері көбінесе екі сөзден құралады. Олар әр уақытта анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Қазіргі қазақ тіліндегідей ескерткіш тілінде де анықтауыштық қатынас кез келген зат есім бола бермейді. Өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздерден тұрады. *altun uıa /алтун уша/ (99) – алтын үгіндісі сөздері, керісінше, uıa altun /алтун уша/ (99) – үгіндісі алтын деп айтылмайды.*

Байқағанымыздай, ескерткіш тілінде анықтауыштық қатынаста жұмсалу үшін, екеуінің алдында басқа сөздің болуын талап етіп тұратын сөз тіркестері кездеседі [6, 89]. Мысады, *künlüg qonaq /күнлүг қонақ/ (234) – күндік қонақ деп айтылмайды üc künlüg qonaq /үч күнлүг қонақ/ (234) – үш күндік қонақ, baı at /баш ат/ (130) – бас ат емес aq baı at /ақ баш ат/ (130) – ақ бас ат деп айтылады. Зат есімнен болған сөз тіркесінің бірінші сыңары конкретті, материалды заттың аты немесе басқа есімдерден болады.*

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес бір екпінге негізделеді. Яғни, ешқандай жалғаусыз орын тәртібі арқылы байланысады.

Сонымен, зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Заттың қандай заттан жасалғанын анықтау мақсатында жасалған сөз тіркестері: *altun qurğa* (алтыннан жасалған белбеу) /*алтун құрға*/ (99) – алтын белбеу.

2. Бір затты екінші затқа арнау мағынасында жұмсалатын есімді тіркестер. Мысалы: *adına mesjid* /адіна месжід/ (96) – жұма мешіті.

3. Даралау мағынасында жұмсалады: *aйүіг at* /айғыр ат/ (97) – айғыр ат.

Қабыса байланысатын сөз тіркестері сын есімдерден жасалады. Сын есімдер – заттың сынын, сапасын білдіретін сөздер. Олар зат есімдермен тіркесіп, есімді сөз тіркестерін жасайды. Сөз тіркестерін құрауда бағыныңқы сыңар болады. Мұндай синтаксистік тіркестің құрамы әр алуан болып, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері заттың түсін, көлемін, дәмін мөлшерін және жеке қасиеттерін білдіреді.

Ескерткіш тілінде және қазіргі қазақ тіліндегі сын есімді тіркестердің айырмашылығы жоқ деуге болады. Кез келген сын есім мен есім сөз тіркесе бермейді, мағыналық жағынан үйлескен сөздер тіркесе алады. Мысалы, *қішқан бурунлуқ* /қышқан бурунлуқ/ (103) – қысқа мұрын деген тіркесті жақсы мұрын деп алмастыруға келмейді.

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар сөздермен еркін тіркестіре беруге болады. Мысалы, *ақ боз ат* /ақ боз ат/ (130) – ақ боз ат, *ақ бұлт* /ақ бұлт/ (130) – ақ бұлт, *ақ құрут* /ақ құрут/ (130) – ақ құрт, *ақ үзүм* /ақ үзүм/ (130) – ақ жүзім, *ақ тікен* /ақ тікен/ (130) – ақ итмұрын, *ақ етмек* /ақ етмек/ (130) – ақ нан, *ақ қашыр* /ақ қашыр/ (130) – ақ қашыр, *ақ сінгір* /ақ сінгір/ (130) – ақ сінгір.

Сапалық сын есімдермен еркін тіркес орнағанда, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары түбір қалпын өзгертпейді де, басыңқы сыңары түрлі тұлғалы сөздермен айтыла береді. Мәселен, *ағіқ достлуқ* /арық достлуқ / (105) – таза достық, *ағіқ там* /арық там / (105) – таза үй, *ағіқ чайыр* /арық чайыр/ (105) – таза шарап.

Қатыстық сын есімдер зат есімдермен тіркесіп, еркін сөз тіркестерін құрайды. Ескерткіш тілінде мұндай мысалдар жиі кездеседі [6, 13]. Мысалы, *destesiz күзе* /дестесиз күзе/ (112) – тұтқасыз құмыра, *бархурдар ер* /бархурдар ер/ – бақытты ер, *mezesiz neme* /мезесиз неме/ (101) – дәмсіз бірдеңе, *yüklük хатун* /йүклүк хатун (95) – жүкті әйел т.б.

Кейбір сын есімді тіркестердің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда мағыналық жағынан алшақтығы барына көз жеткіздік. Мысалы, *boғаз тewe* /боғаз теве/ (120) – буаз түйе тіркесі қазіргі тілімізде тек малға қатысты ғана қолданылғанын байқаймыз. Ал, ескерткіш тілінде *boғаз хатун* /боғаз хатун/ (120) – жүкті әйел деп те кездеседі. Қазіргі тілімізде «буаз әйел» тіркесінің мағыналық жағынан тарылғанына көз жеткізуге болады. Сонымен қатар, *yüklük хатун* /йүклүк хатун/ (95) – жүкті әйел тіркесі де ескерткіш тілінде жарыса қолданылады.

Сан есімдер заттың санын анықтап, зат есімнің жетегінде жұмсалып, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олар зат есімдермен тіркесу арқылы қабыса байланысады. Ескерткіш тіліндегі сан есімдер қазіргі қазақ тілінен айырмашылығы алшақ емес. Ескерткіш тілінде сан есімдер барлық зат есімдермен тіркесе бермейді. Олар санауға болатын заттардың атын білдіретін зат есімдермен тіркеседі. Керісінше, санауға болмайтын зат есімдермен тіркеспейді. Ескерткіш тілінде мынадай ұғымдармен сан есімнің тіркеспейтінін байқадық.

а) құбылыс, процеске қатысты сөздерге сан есімдер тіркеспейді. Оларға: *гүрсіл*, *тарсыл*, *мінез*, *қытық* т.б.

ә) адамның жас кезеңдері мен сезімдік қасиеттеріне байланысты сөздер сан есіммен тіркеспеген. Мысалы, *жалқаулық*, *сұлулық*, *балалық* т.б.

Ескерткіш тілінде сан есіммен тіркескен сөздерге көптік жалғау жалғанбайды, басыңқы сыңарда тұрған сан заттың санын білдіріп тұрады. Мысалы, *екі қулағи* /екі қулағы / (96) – екі қулағы, *бір ауақи* /бір аяқы / (137) – бір аяғы, *екі еркек* /екі еркек/ (142) – екі ер.

Сондай-ақ, реттік сан есімдер зат есімдермен жүйелі тіркес жасай алады. Олар зат есімдермен тіркесіп, заттың сан ретін білдіреді. Мысалы, *yetinçi elge* /жетінші елге/ (142) – жетінші елге.

Сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік ұғымды білдіргенмен, басыңқы сыңарындағы зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы, *екі қулағи* /екі қулағы / (96) – екі қулағы.

Зат есімдермен қабыса байланысатын есімді тіркестердің бірі – есімше болып табылады. Есімшелер зат есімдермен тіркесу арқылы анықтауыштық қатынас орнатады. Мысалы, *qorqqan xatun /қорққан хатун/ (96)* – қорыққан әйелү Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде болашақта болатын істі білдіреді. Мысалы, *turur yer /турур иер/ (96)* – тұратын жер. Есімді тіркестердің құрамында жиі кездесетін есімшенің жұрнағы - ған/ -ген. Бұл жұрнақтарға қарағанда -атын,- ар тұлғалы есімшелер сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарында аз кездеседі. *inegen qoı /инеген қой/ (134)* – таңбаланған қой, *çökerür yer /чөкерүр йер/ (136)* – тізерлейтін жер, *ueşilğan saç /йешілған сач/ (98)* – жайылған шаш, *ueşilmış baq /иешілmiş бақ/ (98)* – жайқалған бақ, *açılmağan yuze /ачилмған йузе/ (99)* – ашылмаған мақта, *tinğan xatun /тынған хатун/ (102)* – демалған әйел, *tizgen neme /тізген неме/ (140)* – тізілген зат, *arıtқан altun kümüş /арытқан алтун кумуш/ (105)* – тазартылған алтын мен күміс, *turğan yerde /турған йерде/ (115)* – тұрған жерде.

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі келетіні – жалпылау, өздік және сілтеу есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынас құрады. Мысалы, *ol neme /ол неме/ (114)* – сол зат, *ol xatunı /ол хатуны/ (125)* – сол әйел, *ol neme /ол неме/ (138)* – сол зат, *barça neme /барча неме / (127)* – барлық зат т.б.

Сілтеу есімдіктері заттың айтушыға алыс не жақындығын, бағдарын анықтап тұрады. Ескерткіш тілінде «ол» сілтеу есімдігінің жиі қолданылатынын байқаймыз. Мәселен, *ol nemeni /ол немені / (140)* – сол затты.

Жалпылау есімдіктері ескерткіш тілінде бағыныңқы сыңарында тұрып, заттың жинақталған сипатын білдіріп тұрады. Мәселен, *barça xatun /барча хатун / (112)* – барлық әйел, *barça erenler /барча еренлер/ (125)* – барлық ерлер, *b. çayır /барча чағыр / (127)* – барлық шарап т.б.

Үстеулер заттың қимылдық сапасын анықтайтын сөздер тобы болып табылады. Осы себепті етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі кездеседі. Есім сөздермен тіркесуі сирек кездеседі. Мысалы, *alın erini /алын еріні / (143)* – төменгі ерні. Бірақ бұлар мағыналық байланыстың берік үйлесуі негізінде жасалады.

Мезгіл үстеулер қимылдың мезгілін білдіргендіктен, есімдерден қашықта тұрып, жанаса байланысады. Сондықтан ескерткіш тілінде үстеулі есімді тіркесті кездестіре бермейміз.

**Нәтижелер.** Жалпы түркітанушылық әдебиеттерде сөз тіркесі дегенді бөліп қарамай, «анықтауыштық есімдер тобы» дегенге ерекше тоқталады [8, 85]. Расында, сын есім мен сан есім, зат есім мен зат есім, сын есім мен сан есімдердің зат есімдермен жалғау жалғанбай-ақ қатар тұру арқылы байланысқа түсіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалуды түркі тілдерінің айрықша өзгешелігі деп айтуға болады. Бұлар түркітанушы ғалымдарды қызықтырмай қоймайды [9, 56]. Сөз тіркесі сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Есім сөз таптарының тіркесі ерте ғасырлардан қалыптасқан жүйе екендігіне тағы да көз жеткізіп отырмыз. Ескерткіш тіліндегі қабысуға келтірілген мысалдар соның дәлелі болмақ.

Әрбір сөз тіркесі мен сөйлемнен сол дәуірдің тілдік жүйесін тани түсеміз. «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің тіркесу қабілеті нақты, мағыналық байланысы берік. Жасалу жолдары мен мағыналық ерекшелігі қазіргі тілімізге өте жақын [10, 183].

Сонымен, мақаламызда Замахшаридің өмірі мен шығармашылығы қарастырылды. Сөз тіркесінің зерттелуі қамтылды. Сөз тіркесі болудың шарттары нақтыланды. Ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқа есімді сөз тіркестерінің жасалу ерекшеліктері, қолданысы анықталды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері бола алатын сөз таптары талқыланды. Қазіргі қазақ тілімен салыстырылды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің жалпы сипаты қарастырылып, нақты ерекшеліктері анықталды. Ескерткішті тілдік зерттеу барысында ортағасырдың тілдік ерекшелігі, синтаксистік сипаты анықтала түсті. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің маңызы, қолданылу аясы ажыратылды. Олардың жасалу ерекшеліктері анықталды [11, 87].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, сөз тіркесі – сөз бен сөйлемнің арақатынасынан шығатын басты синтаксистік бірлік. Сөйлемнің құрамына еніп, ой, пікір тұтастығын құрастыруға қатысады. Сөз тіркестері сөйлемге материалдық негіз болады. Сөйлем арқылы мән жайды, оқиғаны тұтас тани аламыз. Мақаламызда қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерін анықтау барысында, нақтылықтарға көз жеткізе алдық. Ескерткіш тіліндегі сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілімен байланысы, олардың ерекшелігі, жасалу жолдары анықталды. Сондай-ақ тіркескен сөз таптары да әртүрлі ыңғайда қарастырылды [8]. Сөз тіркестердің мағыналық үйлесімділігіне қарай тілдің синтаксистік ерекшелігі қарастырылды. Сөз тіркестерінің тіркесе алу қабілеттілігіне орай мысалдар нақтыланды. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің грамматикалық қасиеттері талданды. Осындай синтаксистік қатынастар тек толық мағыналы екі сөздің тіркесу нәтижесінде қалыптасады.

Ескерткіш тілінде сөздер сөз тіркестерінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болып тұр. Сонымен, сөздер объективті шындықтың жеке мағынасын білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қатынасын, мағыналық тобын білдіреді.

### Әдебиеттер

1. Agius D.A. Zamakhsharī. Somebio-bibliographical notes on Abū'l-Qāsim Maḥmūd b'Umar al-Zamakhsharī // Al'Arabiyya, – 15 (2012). – 108 p.
2. Фролов Д.В. Введение Замахшари к его комментарию к Корану «ал-Кашшаф» // Minbar. Islamic Studies, . 2020. – 13 (2). – 365-377 с.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқулық. 2-бас. – Алматы: Санат, 2009. – 265 б.
4. Әмір Р. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 2010. – 147 б.
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Санат, 2009. – 47 б.
- Ағабекова Ж.А., Жалмаханов Ш.Ш. Аз-Замахшаридің «Муқаддимат ал-адаб» сөздігіндегі сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі қолданысы //Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. –№1/2023. –7-20б. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.01>
- Боровков А. Лексика среднеазиатского тefсира XII-XIII веков. – М.: Издательство восточной литературы, 2009. – 368 с.
- Ахинжанов С.А. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 2002. – 203 б.
6. Гаджиева Н.З., Серебренников Б. А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М.: Страна, 2011 г. – 56 с.
7. Қордабаев Т. Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2008, – 183 б.
8. Amirova G.O., Boranbaev S.R., Adilbekova Zh.K., Urazbaev K.M, Zholdasbek L.O. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakhshari's Dictionary “Muqaddimat Al Adab” and its Relation to the Kazakh Language» //International Journal of Society, Culture & Language. – No1, Volume 12, 2024. 83-90 p. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077.3159>

**Г.О. АМИРОВА, С. Р. БОРАНБАЕВ**

Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова Шымкент, Казахстан

### **ЯЗЫКОВАЯ СПЕЦИФИКА ПРОИЗВЕДЕНИЯ АЗ-ЗАМАХШАРИ «МУКАДДИМАТ АЛЬ-АДАБ»**

**Аннотация.** Словарь Замахшари «Муқаддимат аль-Адаб» одного из выдающихся ученых средневековья, считается ценным достоянием. Поставлена цель комплексного лингвистического изучения словаря, за основу взят синтаксический анализ. В этой статье рассматриваются

связанные с согласований фразы, найденные в работе Аз-Замахшари «Мукаддимат аль-Адаб». Определяется состав словосочетаний в языке памятника, их специфика. Рассматриваются свойства, специфика создания словосочетаний, связанных друг с другом, образованных из части речи. Выделены условия связанных словосочетаний. Их сравнивают с современным казахским языком. Определяются семантические и структурные особенности. Определены способы образования именного словосочетания, значение классов именных слов. В ходе исследования рассматриваются синтаксические закономерности, встречающиеся в современном казахском языке в целом. Сравнивается с современными тюркскими языками. Анализируются различия в языке памятника. Выявлены основные особенности словосочетаний с именными, конкретизированы сферы применения в Средние века. Определены способы создания, возможности применения. Был озвучен ряд сведений по фразеологизму языка памятника. Обсуждались пути аналитического составления фраз.

Практическая ценность исследования заключается в том, что соискатели и преподаватели вуза гуманитарного направления могут использовать его в разделе синтаксиса тюркологии.

Научная значимость исследовательской работы может внести свой вклад в развитие области лексикографии тюркологической науки.

Выводы, полученные в результате исследовательской работы, приобретают практическое значение при изучении синтаксиса тюркологии.

**Ключевые слова:** Замахшари, Мукаддимат аль Адаб, синтаксис, словосочетание, именная фраза, части речи, язык, словарь.

G.O. AMIROVA, S. R. BORANBAYEV

M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan

#### LANGUAGE FEATURE OF AZ-ZAMAKHSHARI'S WORK «MUQADDIMAT AL-ADAB»

**Annotation.** In this article, the vocabulary of az-Zamakhshari's work «Mukaddimat Al-Adab» was studied, the way of life, relations, socio-economic development, culture of the nomadic people, which is a reflection of that period. Not only the vocabulary, but also the grammatical feature of the language were discussed. Words related to life, nature, economy, public affairs, etc. were grouped. The connection of these words with the Kazakh language has been established. The vocabulary of «Muqaddimat Al-Adab» is made up of generalized lexemes. It was concluded that the main part of the Turkic materials in the dictionary consists of common words denoting the kinship of the Turkic languages, with the exception of borrowed words from the Arabic–Persian, Mongolian languages. Therefore, the specific importance of lexical analysis of dictionaries was considered. Through the study of the semantics of words in «Mukaddimat», it was possible to obtain comprehensive information on a large scale, from the etymology of our language. The dictionary materials were compared with the Kazakh language and other written sources. As a result, differences in the literal and figurative meaning of some words were revealed.

Through the linguistic study of the dictionary, the etymology of the Kazakh language has been supplemented.

**Keywords:** Zamakhshari, Mukaddimat al Adab, syntax, phrase, noun phrase, parts of speech, language, dictionary.

#### References

1. Agius D. A Zamakhshari. Some bio-bibliographical notes on Abū'l-Qāsim Maḥmūd b' Umar al-Zamakhshari // Al'Arabiyya. – 15 (2012). – 108 p.
2. Frolov D.V. Vvedenie Zamakhshari k ego kommentariy k Koranuy «al-Kashshaf» // Minbar. Islamic Studies. 2020. – 13 (2) . – s.365-377ss.
3. Amanjolov S. Qazaq ádebi tili sintaksisiniń qysqasha kýrsy: oqýlyq. 2-bas. – Almaty: Sanat, 2009. – 265 b.

4. Ámir R. Sóz tirkesi men jai sóilem sintaksisi. Almaty: Sanat, 2010 p. – 50 b.
5. Balaqaeв M., Qordabaev T. Qazirgi qazaq tiliniń gramatikasy.– Almaty: Sanat, 2009. –47 b.  
Aǵabekova ZH.A., Jalmahanov Sh.Sh. Az-Zamahsharidń «Muqaddimat al-adab» sózdigindegi sóz tirkesteriniń qazaq tilindegi qoldanysy //Eýrazia gýmanitarlyq instityty habarshysy. – № 1/2023. – b. 7-20. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.01>  
Borovkov A. Leksika sredneaziatskogo tefsira XII-XIII vekov. – M: Izdatelstvo vostochnoi literatýry, 2009. – 368 p.  
Ahınjanov S.A. Kypchakı v istorii srednevekovogo Kazahstana. – Almaty, 2002. – 203 p.  
Gadjieva N.Z., Serebrennikov B.A. Sravnitelno–istoricheskaia gramatika túrkskih iazykov. Sintaksis. M. Strana, 2011 g. – 56 p.  
6. Qordabaev T., Tomanov M. Tarihi gramatika máseleleri. Almaty: Mektep, 2008, –183 p.  
Amirova G.O., Boranbaev S.R., Adilbekova Zh.K., Urazbaev K.M, Zholdasbek L.O. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari’s Dictionary «Muqaddimat Al Adab» and its Relation to the Kazakh Language» //Journal of Society, Culture & Language. – №1, Volume 12, 2024. 83–90p. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077.3159>

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Амирова Гаухар Оразбаевна** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан.

**Амирова Гаухар Оразбаевна** – докторант Южно-Казакстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

**Gauhar Orazbayevna Amirova** – Doctoral student, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

**Боранбаев Сандыбай Режепұлы** – филология ғылымдарының докторы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, Шымкент, Қазақстан.

**Боранбаев Сандыбай Реджепович** – доктор филологических наук, доцент, Южно-Казакстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

**Boranbayev Sandybai Rejepovich** – Doctor of Philological Sciences, M. Auevov South Kazakhstan, Shymkent, Kazakhstan.